

ӘОЖ 547

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ БҰЛТТЫ ҒАЛАМТОР СЕРВИСТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

Срайыл Гүлзира Ізбасарқызы

izbasarkyzy99@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Жаратылыстану ғылымдары факультеті, Химия кафедрасының
магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж.К.Жатқанбаева

Қазіргі таңда әлемдік пандемияға байланысты көптеген сала кадрларына деген сұраныстың орнын IT-технология алып отыр. Барлық жоғары оқу орындарында жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес қашықтықтан оқыту үрдісі жүзеге асырылып келеді. Осы тұрғыдан білім беруде жаңаша әдіс-тәсілдер, технологиялар және заманауи бұлтты сервистер кеңінен қолданысқа ене бастады. Қазақстанның шет елдермен білім және ғылым саласында белсенділігі артқан сайын, ұстаздар мен оқытушылардың еңбегі елене бастады.

Финляндия және Жапония әлем елдерінде білім мен ғылым жағынан дамыған елдерді қалай қуып жетсе, Қазақстанның да сол деңгейге жетуіне потенциалы бар. Еліміздегі ұстаздардың білім мен біліктілік ресурстарын көбейту арқылы өскелең жас ұрпақтың білімін жоғарылатуға, ел әл-ауқатын одан әрі жақсартуға мүмкіндік береді. Ал ақпараттық коммуникациялық технологиялар мен IT-технологиялардың көмегі нәтижесінде прогресс жылдамдығын арттыруға болады.

Қашықтықтан білім беру - бұл оқытушы мен студент қашықтықта болатын, ал оқыту процесі желілік бағдарламалар немесе байланыстың өзге де түрлерінің көмегімен жүзеге асырылатын білім беру үрдісінің түрі [1]. Білім берудің бұл түрі әрбір студентке тұрғылықты жері мен оқу орнына қарамастан, оқу мүмкіндігін алуға мүмкіндік береді.

Бұлтты ғаламтор сервистері - бұл ғаламтор серверінің дамуы нәтижесінде жүзеге асырылған жүйелердің бірі. Бұлтты сервистердің анықтамасына сәйкес қосымшалар мен файлдар виртуалды және желілік "бұлтта" сақталады. Желілік бағдарламалар негізінде білім берудің бірнеше маңызды артықшылықтары бар:

- әр түрлі сала қызметкерлеріне қызметтерді жылдам ұсыну;
- оқытушыларға оқытуды жақсартатын және әр студенттің оқу тиімділігі мен ерекше оқыту стилі туралы мәліметтер негізінде оқуды даралауға мүмкіндік беретін білім беру қызметтерін тез ұйымдастыруға мүмкіндік береді;
- бұлтты қосымшалар ұсынылған процестерді стандарттай алады.

Әлемнің қайсыбір елін алсақта, соңғы бір жылдан астам уақыт ішінде көптеген ішкі саяси өзгерістерді қабылдады. Бұл өзгерістерді күнделікті өмірімізге кіріктіру арқылы көптеген жаңа технологияларды меңгере алатындығымызға көзіміз жетті. Кейде бұлтты ғаламтор сервистерінің «Cloud Technologies» адамзат мәдениетіне қалай терең және сенімді кіргендігін білмей қалатын сәттер болады.

Әрбір жоғары оқу орындарының білім беруді іске асыруда өзіндік қажеттіліктері мен артықшылықтары бар. Осы себепті, бұлтты сервистер білім беруде есептеу жүйелері желілерін құруды және орналастыруды жеңілдететін шешімдер мен қызметтердің кең спектрін ұсынады, сонымен қатар бұлтты оқыту қызметтерін ұсынады. Қашықтықтан оқыту жүйесінде ғаламтор сервистерінің маңызы жоғары екендігі баршаға мәлім.

Білім беру саласында қашықтықтан оқыту процесін пайдаланудың өнімділігі өте жоғары болып тұрған кезеңде, бұлтты ғаламтор сервистері мен платоформаларының көмегіне жүгінетініміз анық. Соның бірі де бірегейі Google Drive, Microsoft Teams, Zoom және т.б. желілік бағдарламалар. Осы платоформалар арқылы ашық сандық орта құралады, онда жұмыстың кіріктірілген нәтижелері топтың әрбір мүшесіне кез келген уақытта қолжетімді және олар болып жатқан өзгерістерден хабардар бола алады. Осы платформалардың көмегімен оқытушы өзінің дәріс не семинар курсына қашықтықтан оқыту кезеңінде ғаламторлық қосымшаларды білім беру мазмұнына сәйкес курстарға кіріктіру аспектілерін қарастыруына мынадай алғышарттар қойылады:

- Ғаламтор сервистері ұғымын, қазіргі білім беру жүйесіндегі орнын кеңінен түсіндіру;
- IT-технологияны дамытуда қолданылатын жаңаша әдіс-тәсілдерді көрсету;
- ЖОО курстарында жаттығулар мен пәндік тесттер құруда Google Drive, Microsoft Teams бағдарламаларының маңызын тәжірибе жүзінде көрсету;
- Сызбанұсқалы және логикалық тесттердің алгоритмін ұсыну;
- Ғаламторлық бұлтты сервистерді дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдер мен тапсырмаларды практикада қолданудың нәтижелерін көрсету.

Осы орайда білім беру жүйесіндегі ақпараттық мәдениет пен даму тенденциясын қатар алып жүру керектігі айқын көрініс табады. Ақпараттық мәдениет – тек компьютермен дұрыс жұмыс істей алу ғана емес, кез келген сала бойынша ұсынылған ақпарат көзін анықтау мен

талдауды, бағдарламаларды ұтымды пайдалана білу [2]. Білім беру жүйесіндегі қашықтықтан оқыту мәселесіне тоқталатын болсақ, білім беру мекемелері және білім беруді басқару ұйымдары арқылы жүзеге асатын студенттер мен оқытушылар арасындағы интерактивті өзара іс-әрекетте оқытылып, материалдың негізгі көлемін білім алушыларға жеткізуді қамтамасыз етеді.

Білім беру саласында қашықтықтан оқыту азаматтардың барлық санаты үшін үздіксіз даму мен кеңейтілу үстінде, бірақ бұл нәтижеге келудің өзі цифрлық кеңістіктің жоғарғы деңгейге жетуі негізінде ие болады. Қазіргі уақытта инновациялық IT-технологиялар кез келген кәсіби қызметтегі табысты жұмыстың қажеттілігіне айналды, сонымен қатар Қазақстанда цифрлық білім беру сферасының өзі кәсіби деңгейге жеткені анық байқалады.

Кез келген жоғары оқу орнындағы оқытушылар құрамы қашықтықтан оқытуға сапалы түрде, әрі уақтылы көшуді меңгерді. Google бұлтты ғаламтор сервисінің көмегімен уақыт пен білім беруді тиімді ұйымдастыру арқылы қашықтан оқытуда жақсы нәтижелерді алуға болатындағына сенім мол. Google бағдарламаларының қызметтерімен оқыту көрнекі болады, бұл әлемнің кез келген аймағында нәтижелі жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Google Classroom, Google Drive, Google Docs және Microsoft Teams бағдарламаларын жүйелі түрде сабақтастырудың нәтижесінде тек Қазақстанның ғана емес, әлемнің кез келген еліндегі ұйымдар мен өз қызметіндегі кәсіби мамандардан білім алмастыруға болады.

Google Classroom ғаламтор платформасы негізінде барлық түсіндірме дәрістер мен материалдарды (ақпараттар, видеоматериал, иллюстрация, презентация) жүктеп, оқыту процесін жүзеге асырады. Студенттер әлемнің қай елінде болмасын кез келген уақытта өзі қалаған режимде мәліметтермен таныса алады. Ия, ақпараттарды беруді кез келген жүйе арқылы ұсынуға болады, бірақ білім алушы берілген білімді меңгеру деңгейі мен игергендігін анықтау үшін кері байланыс жасау қажеттігіне ие болған бұл сервисің маңызы зор [3].

Қашықтықтан оқыту енгізілгеннен бері әр оқытушы өз шеберлігіне қарай түрлі платформаларды қолдану арқылы оқытуды жүзеге асырып келеді. Google Drive пен Google Disk көмегімен ақпаратты жинақтау, сақтау және өңдеу өте тиімді, мысалы аралық және қорытынды бағалау үшін тесттік тапсырмаларды, текст түрінде жазылған бақылау жұмыстарын, сауалнама ұсыну өте тиімді және алынған нәтижелерді статистикалық кнделуі де жылдам болады. Google формалары тест жұмыстарын (бір дұрыс жауаппен және бірнеше дұрыс жауаптармен) өткізуге, студентке белгілі бір тақырып бойынша жазба жұмыстарын жаздыруға, бақылау жұмыстарын орындатуға ыңғайлы құрал, сонымен қатар онлайн тестілеу студенттердің білімін тексерудің жылдам және ыңғайлы әдісі, алынған материалды игерудің сапасын және кейінгі оқытуды ұйымдастыру кезінде қандай бөлімдерге назар аудару керек екендігін көрсетіп отырады.

Бұлтты желілік бағдарламалар дәстүрлі білім беру мен қашықтықтан білім беру арасындағы айырмашылықты азайтады, дегенменде зертханалық – тәжірибелік білім беру үшін бірнеше электрондық оқыту шектеулері бар. Қазіргі заманғы білім беру жүйелерінің сапасын жақсарту үшін бұлтты желілік бағдарламалардың жүйесін қолдану арқылы университеттер мен білім берудегі басқа да ұйымдар оқыту қызметтерінің құны мен жеделдеуі, жылдам оқыту нәтижесінде үздіксіз даму үстінде екендігі рас [4].

Қашықтықтан тәжірибе алмасу, сабақ жүргізу алдағы уақытта цифрлық жаңарулармен бірге, үздіксіз ұйымдастырылып отырғаны абзал. Жоғарыда аталған платформалар арқылы кез келген тақырыпта цифрлық дағдыны қалыптастырып, қашықтықтан оқытудың заманауи әдістерін меңгеруге болатындығына көз жеткізілді. Жаратылыстану және гуманитарлық бағыттары бойынша ғаламтор желісі көмегімен сабақты ұйымдастырудың қарапайым түрлерінен бастап, қазіргі күрделі заманауи әдіс-тәсілдерін жетік игеру - жоғары оқу орындары мен білім беру мекемелерінде оқытылатын курстардың сапасын арттырумен қатар, қашықтан оқыту жағдайында қатал тәртіп режиміне көшкен ұстаз бен оқытушының да, сәйкесінше

студент пен білім алушылардың да өздігінен еркін жұмыс жасауына, жүргізілетін сабаққа сыни және шығармашылық тұрғысында әзірленуіне үлкен мүмкіндік береді.

Әр тақырыптың соңында оқытудың қаншалықты тиімді екенін білу үшін жоғарыда аталған платформалар мен онлайн-тестілеу әдістерінің бірін қолдана отырып, бақылау бөлімдерін жүргізу қажет. Қорыта келе, зерттеушілер қашықтықтан оқытудың маңызды ерекшеліктеріне модульділік, икемділік, параллелизм, уақыт үнемділігі, ақпарат толықтылығы мен ауқымды болуы және технологиялық, әлеуметтік-интернационалдылық заманауи факторларды кіргізеді. Әрбір платформаның өзіндік артықшылықтары мен оқыту процесінде маңызы бар, қашықтықтан білім беру кезеңіндегі оқытудың таптырмас құралы ретінде танылған - бұлтты ғаламтор сервистері (бағдарламалар).

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Шопин А.В., Буцацкий П.Ю. Электронная информационно-образовательная среда Адыгейского государственного университета // Вестник Адыгейского государственного университета. Сер. Естественные-математические и технические науки. 2015. Вып. 1 (154). С. 147–150. URL:
2. <http://vestnik.adygnet.ru> Digital Innovations in Healthcare Education and Training. BOOKS. Edition 1st: Authors Stathis Konstantinidis, Panagiotis Bamidis and Nabil Zary
3. <https://cyberleninka.ru/article/n/organizatsiya-distantionnogo-obucheniya-s-ispolzovaniem-internet-tehnologiy>
4. Procedia - Social and Behavioral Sciences. The Necessity of Using Cloud Computing in Educational System. Asgarali Bouyera Bahman Arasteh. Volume 143, 14 August 2014, Pages 581-585